

*№27 И.Тайманов атындағы орта мектептің
педагог - ұйымдастырушысының
2023 - 2024 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспары*

Педагог – ұйымдастырушы: Имангалиева А.С.

2023 - 2024 оқу жылы

Мақсаты:

Тұлғаның Қазақстанның азаматы және патриоты ретіндерухани адамгершілік қалыптасуына көңіл бөле отырып, денсаулық туралы, әр адамның денсаулығын сақтау және нығайтудың нақты мүмкіндіктері туралы кешенді ғылым ретінде салауатты өмір салты туралы түсінікті жинақтау. Оқушыларды зиянды әдеттерден аулақ болып, әрдайым салауатты өмір салтын нық ұстауға баулу.

Міндеттері:

- Патриоттық сананы қалыптастыру
- Отбасылық құндылықтары кеңінен насихаттау
- Рухани - адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру
- Құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту
- Жалпы адамзаттық қасиеттердің негізінде
- Көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру
- Салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын
- Қалыптастырудың кешені, үздіксіз және тұрақты
- Жүйесін құру

Денсаулықты сақтау және нығайту; жұмыс қабілетін жақсарту; оқушылардың өз денсаулығын сақтауға және зиянды заттарды пайдаланудан қашық болу жауапкершілігін арттыру; қоршаған орта факторы негізінде оқушылардың өз денсаулығы және ахуалды сыни бағалауын қалыптастыру.



**№27 И.Тайманов атындағы орта мектептің педагог - ұйымдастырушының
2023 - 2024 оқу жылына жасаған жылдық жоспары**

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	«Мектебім - мейірім мекені!» мерекесін ұйымдастыру	01.09.2022 ж	Мектеп әкімшілігі
2	Денсаулық күніне арналған спорттық эстафета ойындарын өткізу	Қыркүйек	ДТІЖО, Педагог - ұйымдастырушы, дене шынықтыру пәні мұғалімдері
3	Тілдер мерекесін атап өту	Қыркүйек	ДОІЖО, Педагог - ұйымдастырушы, тіл мамандары
4	Халықаралық қарттар күніне орай «Көп жасаған қария, ақыл теңіз дәрия» мерекелік бағдарлама	Қазан	ДТІЖО, Педагог - ұйымдастырушы, Тәлімгер, Сын.жетекшілері
5	«Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» тақырыбымен ұстаздардың кәсіптік мерекесін атап өту және мерекелік бағдарлама ұйымдастыру	Қазан	Педагог - ұйымдастырушы, тәлімгер 11-сынып жетекшісі
6	«Арайлы алтын күз!» шоу бағдарламасын ұйымдастыру және өткізу	Қазан	Педагог - ұйымдастырушы, сынып жетекшілер
7	15 Қараша - Ұлттық валюта күні. Теңге – Тәуелсіздік келбеті тәрбие сағаты	Қараша	Педагог - ұйымдастырушы, тәлімгер
8	Облыстық, аудандық, аймақтық келген хаттар негізінде жұмыстар ұйымдастыру	Кезінде	Педагог - ұйымдастырушы
9	Дүниежүзілік СПИД – ке қарсы күрес күні сынып сағаттарын өткізу «СПИД - ғасыр індеті» дөңгелек үстел 9-11 сынып оқушыларымен	Желтоқсан	ДТІЖО, Педагог - ұйымдастырушы, тәлімгер
10	Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Жас қыран», «Жас ұлан» ұйымына салтанатты түрде қабылдау	Желтоқсан	ДТІЖО, Педагог - ұйымдастырушы, тәлімгер
11	«Қош келдің - Жаңа жыл» мерекелік іс – шара ұйымдастыру	Желтоқсан	Мектеп әкімшілігі
12	Жемқорлыққа әсер ететін факторлар мен әдеттер	Қаңтар	Педагог - ұйымдастырушы, дебат жетекшісі

13	«Ауғанстан ардагерлеріне тағзым!» Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу	Ақпан	ДТІЖО, Педагог - ұйымдастырушы
14	«Екі жұлдыз» ән байқауы	Ақпан	Педагог - ұйымдастырушы, тәлімгер
15	Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана – гүл, Ана – жыр, Ана өмір шуағы!» мерекелік іс - шара ұйымдастыру	Наурыз	ДТІЖО, Педагог - ұйымдастырушы
16	«Армысың әз Наурыз!» мерекелік іс - шара ұйымдастыру	Наурыз	ДТІЖО, Педагог - ұйымдастырушы
17	«Күлкі – жанның шипасы» Күлкі күні мерекесі КВН	Сәуір	Педагог - ұйымдастырушы
18	«Сенбілік- тазалық кепілі» Көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру	Сәуір	Мектеп әкімшілігі
19	7 мамыр – Отан қорғаушылар күні «Ұлы жеңіс жасасын!» шара өткізу	Мамыр	ДТІЖО, Педагог - ұйымдастырушы, тәлімгер
20	«Жыл оқушысы-2023» сырттай байқауын өткізу	Мамыр	Педагог - ұйымдастырушы, тәлімгер
21	Сенбіліктер ұйымдастыру	Тазалық күндері	ДТІЖО
22	«Сыңғырла, соңғы қоңырау»	Мамыр	Мектеп әкімшілігі
23	Аттестаттауға дайындық жұмыстарына қажетті жұмыстар ұйымдастыру	Кезінде	Мектеп әкімшілігі ДТІЖО
24	Аймақтық және аудандық байқауларға оқушыларды дайындап қатыстыру	Кезінде	Педагог - ұйымдастырушы
25	2023 - 2024 оқу жылындағы жүргізілген жұмыстарға талдау жасау	Мамыр	Педагог - ұйымдастырушы

Педагог – ұйымдастырушы:

Имангалиева А.С.

№27 И.Тайманов атындағы орта мектебі

2023 – 2024 оқу жылы бойынша

Педагог – ұйымдастырушының есебі

Атырау қаласы N27 И.Тайманов атындағы орта мектебінде 2023-2024 оқу жылына арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты жиын болып өтті, мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге алғашқы қоңырау соғылды.

Салтанатты жиында мектеп директоры Макпал Қантөреқызы алғы сөз алып, оқытушыларды, ата-аналарды және мектеп табалдырығын алғаш рет аттап отырған

I сынып оқушыларын жана оқу жылының басталуымен құттықтап, еліміздің болашағы – білімді де білікті, алғыр әрі жалынды жастар қолында екенін айрықша атап өтті.

Жана оқу жылы құтты болсын! Баршаларыңызға зор денсаулық, кәсіби өрлеу, пайым - парасат, мықты күш - жігер, толағай табыс тілейміз!

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02yqidGCNBpel_kR6wnIDgchg9vNkQyhpDI_qzfaEmENSrvxwJYRQhyuQEJnc7KM9uAHl&id=100014443350259&mibextid=Nif5oz



I қыркүйек - Білім күніне орай “Мектебім - мейірім мекені” тақырыбында 1 - 11 сыныптар арасында барлық сыныпта бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Сынып сағатының мақсаты: білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.

Міндеттері:

- білім алушыларға құндылықтар жөнінде жалпы ақпарат беру;
- білім алушылармен бірге құндылықтардың адам өміріндегі рөлін талқылау;
- отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- сыныптың жағымды микроклиматын және жаңа оқу жылына жағымды көңіл-күй қалыптастыру.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid028DB7s3RU1yJGGH4Ys3VPq6hyDxV8Kh4n638vwp9KrwvBXydg3CbFnkSBa7ens4jul&id=100014443350259&mibextid=Nif5oz



5 қыркүйек - Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай ұйымдастырылған іс-шарадан үзіндіні назарларыңызға ұсынамыз.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02opJPmxWyM3orCkRDjsKSP82uytnGTLg p75848qbs57Wh2LWHTcmT2poD822g2eKEI&id=100014443350259&mibextid=Nif5oz

Мектебіміздің "Жас ұлан" ұйым мүшелері Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай дайындаған бейнеролигін назарларыңызға ұсынамыз.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02yhSCjZNDRIg7zS6wBY9hGGUTmfhZQ hWyZF3uW6pTVPK YF9wxaj8SSU2Jp37c7nCl&id=100014443350259&mibextid=Nif5oz

2023 жылдың 14 қыркүйек күні мектебіміздің кітапханашылары Л.Абишева,

Ш.Буданованың ұйымдастыруымен 5-9 сыныптар арасында Қазақстан тілдер күніне байланысты «Тіл мәртебесін ұлықтайық» атты библиокеруен өткізілді.

Мақсаты: Қазақ тілінің қадір-қасиетін біліп, қазақ тілінің көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын түсінуге үйрету және оқушылардың мемлекеттік тілге деген қызығушылығын арттырып, білімін, зердесін, дүниетанымын және ой ұшқырылығын байқау, сонымен қатар танымдық тест арқылы әрі қарай дамыту болып табылады.

Шара барысында қазақ тіліміздің маңызы туралы толық ақпарат берілді, оқушылар қызыға қатысып, ой ұшқырлығын көрсете білді. Оқушыларға тіл күніне байланысты «Тіл – халықтың үні» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып библиографиялық шолу жасалды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02yqjdGCNBpeLkR6wnlDgchg9vNkQyhp DLqzfaEmENSrvxwJYfQhyuQFJne7KM9uAHI&id=100014443350259&mibextid=Nif5oz



Атырау қаласы N27 И.Тайманов атындағы орта мектебінде «Назар аударыңыз - балалар!» жедел - алдын алу іс-шара жоспарына сәйкес Атырау қаласы полиция басқармасы N2 Қалалық полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналды полиция тобының учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны А.Сапарғалиева және Д.Досқалиева "Жол қауіпсіздігі" тақырыбымен бастауыш сынып оқушыларына жолда жүру ережелері мен қауіпсіздік шаралары жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

✓Мақсаты – Жаңа оқу жылының басында жасөспірімдер мен балалардың көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрысына байланысты дағдыларын нығайту, тұрақты тұратын және оқу орнында көлік ортасына бейімделуі. Мектеп оқушыларының қатысуымен орын алатын жол-көлік оқиғаларының алдын алып, оқушыларға жол жүру ережелерін таныстырып қана қоймай, оларды жол жүру қауіпсіздігін сақтауға дағдыландыру.

✓Байлығымыз – балалар! Келешегіміз де сол бүлдіршіндер. Ал олардың алаңсыз білім алып, қауіпсіз өмір сүруіне әрқайсымыз жауаптымыз.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=psfbid02FANwBHUPZKvKCNBj4vzkX1b2dthazh8tNkN4NGeWhF9y3mHHv7PFewdZynGGndrh1&id=100014443350259&mibextid=Nif5oz



Мектебімізде 5 қазан - Мұғалімдер күні мерекесіне орай мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында "ДУБЛЕР КҮНІ" өткізілді.

♦□Осы мақсатта жүргізілген айтулы шарада мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдерінің рөлін "МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ" мүшелері атқарды. Оқушылар ұстаздарға мерекелік көңіл-күй сыйлап, жауапкершілікті сезініп, өздеріне жүктелген міндеттерді өз деңгейінде атқарды.

Бұл күні Парламент мүшелері және 9-11 сынып оқушылары өздері ұсынған жаңа әдістерін көрсетіп, сыныптарға бірнеше пәндерден сабақ берді.

♦□Дублер күні - оқушылар мұғалім болып, өзін-өзі басқара алатын, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алатын қызыққа толы күн болды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02RnzCKnekFLg2CcMCActZ6Aai5LX7HTJ7TyRph514h29H5DQf94FHq8aKt3i7S4e3l&id=100014443350259&mibextid=Nif5oz



2023 жылдың 11 қазан күні Атырау облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру (СӨСҚО) орталығының мамандарының ұйымдастыруымен "КВИ мен ЖРВИ-дың алдын алу" тақырыбында 8 "г" сынып оқушыларына семинар/тренинг өткізілді.

Мақсаты:

КВИ мен ЖРВИ-дың алдын алу бойынша ақпараттандыру, өз денсаулығына жауапты қатынасты тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау.

Оқушыларға осы мақсатта түрлі ақпараттар беріліп, сұрақтар қою арқылы оқушылардың салауатты өмір салты туралы білімдері кеңейтілді. Шара соңында ақпараттық оқыту материалдары таратылды.


https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02KzBZkm3o9p2t3Co72TnVz98ogRMMelCPrSYRZ1w9YVkvXMi3ZJ6Khs5JedqTfXXyl&id=100014443350259&mibextid=Nif5oz



Мектебімізде 12.10-19.10 қазан аралығында "Арайлы Алтын күз" апталығы аясында 1-2 сыныптар "Күз - мереке, күз - береке" атты сурет көрмесі; 3-4 сыныптар "Күз келбеті" атты макет; 5-6 сыныптар "Арайлы Алтын күз" атты сурет көрмесі; 7-8 сыныптар "Күз келбеті" колонер көрмесіне оқушылар белсене қатысты.

Көрмеде оқушылардың үздік шыққан жұмыстары бойынша жүлделі орындарға иеленіп, диплом және алғыс хаттармен марапатталды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1662195337605229&id=100014443350259&mibextid=Nif5oz





Мектебімізде 12.10-19.10 қазан аралығында "Арайлы алтын күз" апталығы аясында бастауыш сыныптарда сынып сағаты өтті.

Мақсаты: балалардың күз туралы ұғымдарын бекіту, күз - байлық, күз - береке, күз - молшылық, күз - шаттық, күз - қуаныш екенінін оқушы санасына жеткізу. Ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа баулу.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1663011177523645&id=100014443350259&mib_extid=Nif5oz



2023 жылдың 17 қазан күні №24 орта мектебінің ғимаратында "Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу" тақырыбында мектебіміздің 9-11 сынып оқушылары арасында құқық өкілдерімен бірлескен жиналыс өткізілді.

Жиналысқа Атырау облысы Полиция Департаментінің бірінші орынбасары полиция полковнигі Сейдуалиев Абдуғани Тойшоұлы, Атырау облысы Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызмет басқармасының бастығы полиция полковнигі Биғамбаев Ерлан Валериұлы және Атырау қалалық білім бөлімінің әдіскері Масакаева Нұргүл Нысанбаевна қатысып, құқық бұзушылықтың салдары және жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу және заң аясында түсінік жұмыстарын жүргізді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1661546267670136&id=100014443350259&mib_extid=Nif5oz



1 желтоқсан - Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай 8 сыныптар арасында «Біз нашакорлыққа қарсымыз!» атты спорттық эстафета ұйымдастырылды.

Сайыс нәтижесі бойынша:

1. 8 "Ә" сыныбы I орын;
2. 8 "В" сыныбы II орын;
3. 8 "Г" сыныбы II орын;
4. 8 "А" сыныбы III орын;
5. 8 "Б" сыныбы III орындарды иеленді.

Барша қатысушыларды құттықтаймыз! 🙌🙌🙌

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02oVSt1mSKpD2hTW5UPQWLVBV4JwGwz3ehp6umeZWmdeVEJUUacGJA8ysNGL9L15uWl&id=100014443350259&mibextid=UyTHkb



1 желтоқсан - Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай
8 сыныптар арасында
"Біз нашақорлыққа қарсымыз!" атты спорттық эстафета ойыны

1 желтоқсан - Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай 8 сыныптар арасында «Спид - ғасыр дерті» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Мақсаты: Жасөспірімдерге, адамзат ұрпағына төніп тұрған, ғасыр дертіне айналып отырған зиянды заттардан аулақ болуға шақыру. Адамгершілік жөніндегі және құқықтық тәрбие беру, салауатты өмір салтын насихаттау.

Байқау қорытындысы бойынша:

1. Сарсенов Назар - 8 "г" сынып оқушысы Бас жүлде
2. Талап Іңкәр - 8 "в" сынып оқушысы 1 орын
3. Тимурқызы Зухра - 8 "г" сынып оқушысы 1 орын
4. Айсина Медина - 8 "г" сынып оқушысы 2 орын
5. Ғизат Саягүл - 8 "г" сынып оқушысы 2 орын
6. Букенбай Нұрдаулет - 8 "а" сынып оқушысы 2 орын
7. Кунтуарова Анель - 8 "б" сынып оқушысы 3 орын


https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0SVY6SqXr54GvmgP4VdLMuKq34KNUTjk3eLbrG9pUqxXXaYEsQXLXoYFS8W4WBEkel&id=100014443350259&mibextid=UyTHkb



1 желтоқсан - Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай сыныптарда сынып сағаттары өтті.

Мақсаты: Оқушыларға ЖИТС ауруы туралы мағлұматтар бере отырып, ЖИТС-тың жұғу жолдарымен оның белгілерін, алдын алу шаралары туралы мәліметтер бере отырып, оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, тазалыққа, адамгершілік-жыныстық тәрбие мен болашақ ұрпақ мүддесін ойлауға үйрету, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02cDiF4iUbt13R4D44ErMMET2Vr3vRvEHBBGx7EWchi1d7TvaEmobr9iWdDHgvVf3dl&id=100014443350259&mibextid=UyTHkb



Мектебіміздің психологы М.Лукпанова 9-11 сынып оқушыларына есірткі сияқты зиянды әдеттерден аулақ болуға, оның адам денсаулығына қаншалықты зиян екенін ескерте отырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға кәмелетке толмағандар арасында есірткіге тәуелділіктің алдын-алу бойынша әзірленген бейнеролик көрсетілді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Rbs4QobXD7cNmLPuND9mhmvHYR3yfT5PdsQv9XBTxsGdaCcFDCATPk4SkS88Mw3l&id=100014443350259&mibextid=Nif5oz



9 желтоқсан - Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай 8-9 сыныптар арасында "Біздің қоғамда - жемқорлыққа жол жоқ" тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды.

Байқаудың мақсаты: Білім алушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қасиеттерін қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту.


Жемқорлық - қоғам дерті екендігін, зиянды әрекеттен арылмай елде даму болмайтындығын өз шығармашылық жұмыстарымен бейнелеп көрсеткен білім алушылар, сурет мағынасын ашып түсіндіруде де сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендіктерін жеткізді. Сурет байқауында оқушылардың үздік шыққан жұмыстары бойынша жүлделі орындарға иеленіп, диплом және алғыс хаттармен марапатталды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1691976397960456&id=100014443350259&mibextid=WC7FNe



«Біртұтас тәрбие бағдарламасына» сәйкес «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Женісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» атты Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес 1-11 сыныптар арасында "Тәуелсіздігім еркіндігім, қасиетім, қастерлім" атты бейнероликтер сайысы ұйымдастырылды. Бейнеролик сайысына қатысушылар жүлделі орындарға иеленіп, диплом және алғыс хаттармен марапатталды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1692009344623828&id=100014443350259&mib_extid=WC7FNe



2023 жылдың 15 желтоқсан күні "Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!" атты Тәуелсіздік күніне арналған іс - шара жоспарына сәйкес барлық сыныптарда "Менің Тәуелсіз Қазақстаным" атты тәрбие сағаттары өтті.

Максаты: Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру. Оқушы бойына патриоттық сезім ұялату, оқушыларды отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін кастерлеуге, туған елге деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1693440784480684&id=100014443350259&mibextid=WC7FNe



Қазақ елім! Туды жастық дәуірін.

Алғандайсың жұлдызыңның жарығын.

Тәуелсіздік құтты болсын, қымбаттым,

Туған күнің құтты болсын, алыбым!

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын!!!

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 32 жылдығына орай мектебіміздің "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұланбасшысы және ұйым мүшелері 16 желтоқсан Тәуелсіздік күнімен құттықтайды.

<https://www.facebook.com/share/v/Vt5yyFbYmxebbWUH/?mibextid=WC7FNe>



Тәуелсіздік күніне орай "Жеңісмізді Тәуелсіздікке арнаймын!" атты мектепшілік жоспарына сәйкес "Тәуелсіздік - тұғырым" атты сурет байқауы өтті.

Максаты: Тәуелсіздіктің тарихы жайлы айтып, ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық парызды әрбір қазақ баласының бойына дарыту. Оқушыларды туган жерін, елін, Отанын сүйуге патриоттық тәрбие беру.

Оқушыларымыз Қазақстанның желбіреген көк туын, әсем ғимараты - Бәйтерегін, көк аспанда қалықтаған қыран құсты суреттеп, бояды. Байқауға қатысқан оқушылар марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/S78H1i7jTxPnBunAw/?mibextid=WC7FNe>



2023 жылдың 25-27 желтоқсан күндері МАД, 1-4 сыныптар және 5-8 сыныптар үшін "Қош келдің, Жаңа жыл - жаңа белес, жаңа арман!" атты жаңа жылдық мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылды ✨ ✨ ✨


Максаты: балаларға мерекелік көңіл күй тудыру, достық қарым-қатынас ояту, бірлескен ойындар ойнату.

<https://www.facebook.com/share/p/uXZpw4fNbzG1ETMg/?mibextid=WC7FNe>



2024 жылдың 16 қаңтар күні мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының "Өзін өзі тану және бақыт" фракциясының вице министрі Сағынғалиева Дильназ және фракция мүшесі Жаңбыр Сымбаттың ұйымдастыруымен 7 сынып оқушыларына "Бұзақылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу" тақырыбында тренинг өткізді.

<https://www.facebook.com/share/v/ctChd5JyrBpGUiDD/?mibextid=WC7FNe>



2024 жылдың 17 қаңтар күні мектебіміздің 9 - 11 сынып оқушыларының қатысуымен діни экстремизмнің алдын алу мақсатында "Шапағат" деструктивті діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсету қоғамдық қорының теолог мамандары Орынғалиев Ринат Сембайұлы, Олжабай Нұрлан Батырбекұлымен кездесу өтті. Қазіргі кездегі әлемнің алаңдатып отырған мәселенің бірі - экстремизм, көптеген теріс ағымдар, дін атын жамылып, жазықсыз адамдарға қасірет әкеліп отырғаны мәлім осы жөнінде оқушыларға видеоролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/qJukTbstHR5xHdF6/?mibextid=WC7FNe>



2024 жылдың 17 қаңтар күні мектебімізде «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

Сынып сағатының мақсаты: оқушыларға азаматтық құқық түрлері туралы мағлұмат беру, күнделікті өмірде кездесетін оқиғалар бойынша мысалдар келтіру. Өз құқығын білуге үйрету. Сынып сағатында оқушылар тақырып бойынша өз көзқарастарын білдіріп, азаматтық құқық түрлерін сызба бойынша өздері түсіндірді. Және де топтық жұмыста

өзара талқылап, шынайы өмірмен байланыстырды. Мүліктік құқық, міндеттемелік құқық, меншіктік құқық сынды құқық түрлерін талқылап, жеке тұлға мен заңды тұлғаның аражігін ажырата алды. Азаматтық құқықтық қатынастардың қайнар көздері ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, Азаматтық Кодексі, оған сәйкес қабылданған өзге де заңдар және заңға тәуелді кесімдер бойынша мағлұмат білді.

<https://www.facebook.com/share/p/hgY4vYNGd9KQspzQ/?mibextid=WC7FNe>



2024 жылдың 22 қаңтар күні ЖИТС орталығы маманы Баймуханова Мереке Утегенқызы 9-11 сынып оқушыларымен кездесті.

Мақсаты - адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі АИТВ/ЖИТС дертін алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру.

✓ Маман оқушыларға қауіпті аурудың Қазақстанда қашан пайда болғанын, аурудың қандай жолмен жұғатынын және қорғану жолдарын түсіндіріп айтты. Әсіресе бұл ауру нашакорларда кездесетіндігі туралы айтып өтті, және оқушыларға өмірді дұрыс жоспарлап, кездейсоқ оқиғалардан аулақ болу керектігі жөнінде, салауатты өмір салтын ұстану керектігі жөнінде жақсылап түсіндірді.

✓ АИТВ инфекциясы-адамның иммун тапшылығы вирусын тудыратын баяу үдемелі ауру. Вирус өз бетінде CD4 рецепторлары бар иммундық жүйенің жасушаларын зақымдайды.

✓ АИТВ адамның иммундық жүйесін бұзып, оның басқа да жұқпалы ауруларының дамуына ықпал етеді, өйткені иммундық жүйе ағзаны ауру тудыратын микроорганизмдерден қорғау қабілетін жоғалтады. АИТВ жұқтырған адам уақыт өте келе дені сау адамдар үшін ешқандай қауіп төндірмейтін микроағзаларға да сезімтал болады.

Адамның иммун тапшылығы вирусы адамнан адамға беріледі. АИТВ жұқтырған адамды АИТВ жұқтырғандар деп атайды.

✓ ЖИТС Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы - бұл оның АИТВ-ның зақымдануы салдарынан иммундық жүйенің жеткіліксіз жұмыс істеуінен туындаған аурулардың үйлесімі. ЖИТС туралы АИТВ жұқтырған адамда вирусты бүлдірген иммундық жүйенің тиімсіз жұмыс істеуіне байланысты жұқпалы аурулар пайда болған жағдайда айтады.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0hpryuSvBMX37WLw5opnoarT2yxzQhoXc2ejTebuvZ8oM8kwkzB29fPg7YzT83d5Hl&id=100014443350259&mibextid=UyTHkb




2024 жылдың 24 қаңтар күні мектебіміздің 9-11 сынып оқушылардың қатысуымен "Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында қылмыстың алдын-алу" (құқық бұзушылықтардың және қайта қылмыстың алдын алу және нашақорлықпен күрес) тақырыбында кездесу өтті.

Кездесуде Атырау қаласы полиция басқармасы №2 Қалалық полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналды полиция тобының учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны А.Сапарғалиева және Д.Досқалиева құқық бұзушылықтың салдары және алдын алу жөнінде, ал Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі полиция подполковнигі Джанғалиева Марьяна Казбеқызы жастарға психотропты заттардың зияны және оны тасымалдауда орын алатын қылмыстың ауыртпашылығы туралы оқушыларға толық түсіндіріп өтті.

Кездесу соңында Марьяна ханым оқушыларға қызықты ойын өткізіп және де кинолог мамандардың жұмысымен таныстырды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0sfbTspoUrYS8ytZpcyum32PixhPQuzTNDv oV9qnpsFhMQMvhho1bahZsQbSGUpRNI&id=100014443350259&mibextid=UyTHkb



2024 жылдың 31 қаңтар күні "Біртұтас тәрбие" бағдарламасының іс - шара жоспарына сәйкес "Зиянды әдеттерден аулақ болайық!" атты сыныптарда сынып сағаттары өтті.

🌱 **Максаты:** Оқушыларға темекі, ішімдік, есірткінің зиянын, осы зиянды заттардың салдары туралы білімін кеңейту, оқушының ой-пікірін ортаға салу. Қазіргі қоғам талабына сай салауатты білімді ұрпақ тәрбиелеу. Біз өз денсаулығымызды осы бастан күтіп, қамқорлау екені нақты айтылды. Зиянды әдеттерден аулақ болып, өзінде, өзгені де зиянды әдеттердің қасіретінен қорғай білуге, салауатты өмір сүре білуге, ат салысуға тәрбиелеу біздің ең басты міндетіміз.

<https://www.facebook.com/share/v/w86J39Gjc1XS47f8/?mibextid=I6gGtw>

<https://www.facebook.com/share/v/9BcKNugLJraogFrq/?mibextid=I6gGtw>




Мектебімізде 29.01-02.02 аралығында "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында 8-11 сыныптар арасында "Зиянды әдеттерден аулақ бол!" атты видеороликтер байқауы өтті. Байқауға қатысқан сыныптар марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/Fm7J6ZQoaW1tkrWg/?mibextid=I6gGtw>

<https://www.facebook.com/share/v/EaRDC9FXkd6eAPoP/?mibextid=I6gGtw>

<https://www.facebook.com/share/p/c36UuzB4ttGhRvcU/?mibextid=I6gGtw>


<https://www.facebook.com/share/p/KhymnPxxRjuZLeS3/?mibextid=I6gGtw>





Атырау қаласы прокуратурасының бастамасымен «Бақытты және қауіпсіз балалық шақ» профилактикалық жобасын іске асыру аясында құқық бұзушылықтардың, өз-өзіне қол жұмсаудың және отбасылық зорлық-зомбылық деректерінің алдын алу мақсатында ағымдағы жылдың 2 ақпан күні Атырау қаласының бөлім прокуроры Тайбек Құлтайұлы 7-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

<https://www.facebook.com/share/p/k6es3chwSBmpaFkT/?mibextid=16gGtw>



2024 жылдың 6 ақпан күні "Біртұтас тәрбие" бағдарламасының іс-шара жоспарына сәйкес өзін-өзі тану және бақыт фракция Министрі Сағынғалиева Дильназ

8 "а" сынып оқушыларына

"Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері" атты тренинг өткізді.

Тренинг барысында білім алушылар бір-біріне жақсы тілектер білдіру арқылы жағымды орта қалыптастырды. Зиянды заттар туралы мәлімет берілді.

Максаты: зиянды әдеттерден аулақ болып, өзінде өзгені де зиянды әдеттердің қасіретінен қорғай білуге, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/C4pdpyQE3g5DolH5Z/?mibextid=oFDknk>



2024 жылдың 8 ақпан күні Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай сыныптарда сынып сағаттары өтті.

Сынып сағаты мақсаты: мектеп оқушыларына Ауған соғысы жайлы мәлімет беру, оқушыларды Отанды сүйуге, құрметтеуге, Ауған соғысының ардагерлеріне әрдайым құрмет көрсетуге тәрбиелеу, патриоттық құндылықтарын шындауға дағдыландыру.

<https://www.facebook.com/share/p/3pbvu6GC97KHkuJk/?mibextid=oFDknk>



2024 жылдың 9 ақпан күні мектебіміздің алғашқы әскери дайындық пән жетекшісі Кенжеғалиев Санат Менжановичтің ұйымдастыруымен 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен

Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 35 жыл толуына орай «Ауғанның от — жалыны» атты кездесу кеші өтті.

Кездесу кешінің құрметті қонағы, Ауған соғысының ардагері Мұхамеджан Токмамбетов Абуұлы.

Алдымен Ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерді 1 минут үнсіз еске алып, "Отты жылдар" атты бейнекөрініс көрсетілді.

Жаулары қарсы келсе жасқанбаған

Жасаған ерлігіне мақтанбаған


Ұрпаққа, өмір жолың өнеге боп,

Тарихта ардагерлер асқан баға - дей батырлықпен ерліктің ерен үлесін көрсеткен қаһарман жерлестеріміз, ауған соғысының және таджик - ауған соғыс ардагері Токмамбетов Мұхамеджан Абуұлы өте әсерлі әңгімелерін айтып, оқушыларға өзге елде ту еткен қазақ жігіттерінің ерліктерін айтып, тәлім тәрбиесі мол рухани азықтандырды.

Мақсаты: Оқушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету;

Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру.

<https://www.facebook.com/share/p/n9ZV7vL.SeskeQsQo/?mibextid=oFDknk>



2024 жылдың 28 ақпан күні Атырау облысы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық - демографиялық саясат жөніндегі комиссияның қолдауымен Атырау қаласының Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен мектебіміздің қыз балаларымен кездесу өткізілді. Кездесу кешінің мақсаты: Қазақ халқының ұлттық болмысын сақтай отырып, қыздарға жат қылықтарды ажырата білуге, олардың денсаулығына, тәрбиесіне келтіретін зияны туралы түсінік беру, олардың ішкі және сыртқы жан дүниесінің әдемі де арлы болуына шақыру. Кездесу кешін мектебіміздің

тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ш.Мукашева ашып мамандарымыздың жұмысына сәттілік тіледі.


Спикерлер:

Айтжанова Райса Зейнелгабиденқызы - Атырау облысы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі, Атырау облысы жергілікті полиция қызметі басқармасының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жұмысын ұйымдастыру тобының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы; Шунаева Айкияш Сабашқызы;

Сағидоллаева Мәнсия Сағидоллақызы - Жастар ресурстық орталығының басшысы.

Кездесу барысында оқушылар қыз тәрбиесіне қатысты толғандырган сұрақтарына жауап алды.

<https://www.facebook.com/share/p/nIHv8ppU9jgn8sJL2/?mibextid=WC7FNe>



2024 жылдың 5 наурыз күні Атырау облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру (СӨСҚО) орталығының маманы Даумова Арайгуль Қайрбекқызы 4 "В" және 4 "Г" сынып оқушыларына "Жрви мен тұмаудың алдын алу" тақырыбында семинар/тренинг өткізді.

Мақсаты:

Тұмау және тұмаудан сақтану туралы мағлұматтар беру. Оқушыларды салауатты өмір сүруге, зиянды әдеттерден аулақ жүруге тәрбиелеу.

Оқушыларға осы мақсатта түрлі ақпараттар беріліп, сұрақтар қою арқылы оқушылардың салауатты өмір салты туралы білімдері кеңейтілді.

<https://www.facebook.com/share/p/kNXTd6FNK2xYzag2/?mibextid=WC7FNe>




1 наурыз - Алғыс айту күніне арналған мектебіміздің "Өзін-өзі" басқару ұйымы және "Жас Ұлан" ұйымының мүшелері арасында «АЛТЫН ЖҮРЕК» республикалық челленджі ұйымдастырылды.

Максаты:


- Оқушылардың жанұяға, ата - анаға, үлкен кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынастарын дамыту.
- Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір - бірімен үйлесімді қарым - қатынас жасай білуге үйрету.
- Бейбітшілікте, татулықта өмір сүруге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/uhtNKfKAeJV2HzpL/?mibextid=WC7FNe>



1 наурыз - Алғыс айту күніне орай оқушыларымыздың дайындаған құттықтау тілектері

<https://www.facebook.com/share/p/2YxayTeiPAENxriB/?mibextid=WC7FNe>



2024 жылдың 7 наурыз күні "Өзін-өзі басқару" және "Жас Ұлан" ұйым мүшелері мектебіміздің нәзік жандыларын ерекше қарсы алып, Халықаралық әйелдер күнімен құттықтады.

<https://www.facebook.com/share/p/Xm39oUFrWeNn1rM/?mibextid=WC7FNe>




8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай барлық сыныптарда сынып сағаттары өтті. Максаты: аналарды, әжелерді, қыздарды халықаралық 8 - наурыз мерекесімен құттықтау; жанұядағы ана мен бала арасындағы қатынасты нығайту, баланың бойындағы өнері мен дарындылығын дамыту; анаға деген сүйіспеншілікке, ананы құрметпен, сыйлауға тәрбиелеуге бағыттау;

<https://www.facebook.com/share/p/YUuSPGRSuA3oEajN/?mibextid=WC7FNe>



8 наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесіне орай мектебіміздің оқушылары аналар мен аруларға әуенді құттықтауларды жолдайды.

<https://www.facebook.com/share/p/ZdQcvmUYck53Kk8n/?mibextid=WC7FNe>



8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай "Жас Ұлан" ұйым мүшелерінің мерекелік жүрек жарды лебіздерін қабыл алыңыздар!!!

<https://www.facebook.com/share/p/DD1xaIEjyXtXudNq/?mibextid=WC7FNe>



Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі еліміздің барша азаматтарының асыға күтіп, бір-бірімен төс түйістіріп көрісетін, амандық-есендік айтысып, жақсылық тілеп, ақ түйенін қарны жарылатын күн. Наурыз-қазақтың шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Бұл күні жас-кәрі күндей күлім қағып, өткенін еске түсіріп, ата-бабадан мирас болған мәдени құндылықтарын паш ететін мереке. Әр адам, мекеме, ұйым Ұлыстың Ұлы күнін тойлауға, оның сәтті өтуіне күш салады. Киіз үй тігіліп, дастархан дайындап, ұлттық киімдерін киіп, ойын-сауық өткізіп, ән мен биден шашу шашады, ұлттық ойындар ойнатылады. Осындай құндылықтарды насихаттау мақсатында Ұлыстың Ұлы күніне орай мектебіміздің кітапханашыларының ұйымдастыруымен мектеп оқушыларының арасында «Ұлттық ойындар тәрбиенің көзі» атты мерекелік кеш өткізілді. Мерекелік кеште Әз-Наурыз мерекесі туралы мәлімет беріліп, ән-күй мен биден шашу шашылып, жас-кәрі бір-бірімен көрісіп, ұлттық ойындар ойнатылды. Ұлттық ойындарда белсенділік көрсеткен оқырмандарға сыйлықтар берілді. Мерекелік дәм «Наурыз көже» мен бауырсақ оқушыларға ұсынылып, бата берілді.


<https://www.facebook.com/share/v/SapcHNX31VZtqtqw/?mibextid=WC7FNe>



14 НАУРЫЗ-КӨРІСУ КҮНІ - АМАЛ МЕРЕКЕСІ

Қазағымыздың салт - дәстүрлерінің бірі амал мерекесінің ерекшелігімен таныстыру және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, сыйластыққа баулу мақсатында мектебіміздің "Жас Ұлан" ұйымының мүшелерінің қатысуымен «Көрісу күні - амал мерекесі» атты көрісу күні ұйымдастырылды.


<https://www.facebook.com/share/v/hBs4zHwoBF2g636X/?mibextid=WC7FNe>



"Наурызнама" онкүндігі аясында "Көрісу күні-Амал мерекесіне" орай қазақ халқының дәстүрі негізінде 6 "ә" сынып оқушысы Салауатұлы Саламат және 6 "г" сынып оқушылары Асқар Нұрбек, Гарифоллаұлы Еламан, Қуаныш Мухаммед жасы үлкендерге сәлем беріп, көрісіп қайтты.

Мақсаты: ұлттық және отбасы құндылықтарын насихаттау, ұжымдық және отбасылық дәстүрді қалыптастыру, ұлттық рухымызды, мәдениетімізді көтеру, елге, жерге деген сүйіспеншілікті ояту.

<https://www.facebook.com/share/p/hjNZfPJHmUPi9Emy/?mibextid=WC7FNe>



КӨРІСУ КҮНІ - АМАЛ МЕРЕКЕСІ

◆ 14 наурыз – Көрісу күні. Қазақ халқының көнеден келе жатқан мерекелерінің бірі саналатын бұл күн Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамының бастауы саналады.

◆ Кей жерлерде бұл күнді «Амал» деп те атайды. Мерекеде қыстан аман шыққан жұрт төс қағысып көріскен. Жыл берекелі болсын деп, бір-біріне тілек білдірген.

◆ Көпшілік қар еріп, жер жүзі жаңарып, жаңа келбетке ене бастағанда, туған-туысын, жақындарын іздеп, сағына көрісетін болған. Бір-біріне деген өкпе-реніші болса, кешіріп, жаңа жылды таза көңілмен қарсы алған.

◆ Осы орайда, мектебімізде қазақ халқының құндылығын насихаттау, салт-дәстүрлерді жастар арасында кеңінен дәріптеу мақсатында «Көрісу күні - Амал мерекесі» атты көрісу күні ұйымдастырылды. Шараның мақсаты: ұлттық және отбасы құндылықтарын

насихаттау, ұжымдық және отбасылық дәстүрді қалыптастыру, ұлттық рухымызды, мәдениетімізді көтеру, елге, жерге деген сүйіспеншілікті ояту.

<https://www.facebook.com/share/p/cwtRQMEkREuButBq/?mibextid=WC7FNe>



«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Наурыз мейрамына арналған «Наурызнама» онкүндік жоспарына сәйкес 15 наурыз күні «Жаксылық жасауға асығайық» атауымен қайырымдылық іс-шарасында мектебіміздің "Жас Ұлан" ұйым мүшелері қаламыздағы Беркайыр Аманшина 11 көшесінде тұратын тұрмыс жағдайы төмен көп балалы ана Жанар Жұпарбаеваға (3 баласы бар, 1 қызы ЗПРР, 2 ұлы аутизммен ауырады, жолдасы 2-ші топтағы мүгедек) бір айлық азық-түлік себетін үлестіріп, көмек көрсетілді. Қайырымдылық шараға көмек қолын созған мектебіміздің ұстаздары мен оқушыларымызға үлкен ризашылық білдіреміз. Әлі де осындай игі істер жалғасын таба бермек.

<https://www.facebook.com/share/v/3uL2MRiqfuqA61HV/?mibextid=WC7FNe>




17-НАУРЫЗ — «ШАҢЫРАҚ КҮНІ»✚

Әз-Наурызды тойлаудың жаңа тұжырымдасына сай 17-наурыз «Шаңырақ күні». Бұл күн отбасылық құндылықтарды дәріптеп, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген үлгілі отбасыларды насихаттау. Қазақ мәдениетінде шаңырақтың қадір-қасиеті айрықша. Сүйіспеншілік пен құрмет, сенім, өзара көмек, мейірімділік, жанашырлық, анаға құрмет және ұрпақ сүю

сияқты отбасылық құндылықтар берік орнаған. Шаңырақтарыңыз шаттыққа,
босағаларыңыз берекеге толсын!


<https://www.facebook.com/share/p/feFlmNNIKWJWdNDJ/?mibextid=WC7FNe>



18 - НАУРЫЗ ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІ

- ✦ Ұлттық киім - қазақ халқының мәдени мұрасының бір бөлігі.
- ✦ Ата-бабаларымыздың озық дәстүрлерін жалғастырайық!

<https://www.facebook.com/share/p/fZMfrTZJwdhpgUeY/?mibextid=WC7FNe>



19 НАУРЫЗ-ЖАҢАРУ КҮНІ ✦✦

Осы мезгілде табиғат түрленіп, тіршілік қайта жанданады.

Бұл күн ел өмірінде және әрбір қазақстандықтың өмірінде жаңа кезеңнің басталуын білдіреді. Бұл – алға жаңа мақсат қойып, жаңа жобаларды бастау болып табылады.

<https://www.facebook.com/share/p/VcLFU6yS2hyx8WLg/?mibextid=WC7FNe>



20-НАУРЫЗ - «ҰЛТТЫҚ СПОРТ» КҮНІ

Дәстүрлі құндылықтарымыздың бірі және бірегейі - ұлттық спорт ойындарымыз. Зерттеулерге сүйенсек, көшпелі қазақ халқының дәстүрлі ұлттық спорт түрлерінің қоржынында 150-ге жақын ойындар бар екен. Ата-бабамыз ғасырлар бойы қалыптастырған құндылығымыз бүгінде өз жалғасын табуда.

"Наурызнама" тұжырымдамасының 20-наурыз – «Ұлттық спорт» күні аясында «Қол күрес», «Арқан тартыс», "Асық ату" түрлері бойынша "Ұлттық ойындар - рухани байлығымыз" тақырыбында ұлттық ойындарымыз ойнатылды.

Мақсаты: Ұлттық ойын түрлерінің мазмұнын түсіндіре отырып, ойнату арқылы қызығушылықтарын арттыру. Ата бабамыздан бізге жеткен баға жетпес байлығымыз, салтын насихаттау.

<https://www.facebook.com/share/p/eR5xxS83tb6nRdYu/?mibextid=WC7FNe>



ЫНТЫМАҚ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

«Наурызнама» онкүндік жоспарына сай


21 наурыз – Ынтымақ күні. Бұл күннің мақсаты – халық арасында адамдардың бір-біріне деген сый-құрметтерін арттыра түсіп, ынтымақтастықтың мағынасын аша түсу болып табылады. Халық «Ырыс алды – ынтымақ» деп тегін айтпаған. Небір ойлы да мағыналы сөздер қазақ дәстүрінде отбасыдан басталады. Отбасы – Қазақстан қоғамының басты дінгегі, өзгермес өзегі.

<https://www.facebook.com/share/p/Zi7n3TD4T5kguLAU/?mibextid=WC7FNe>



“Наурыз мерекесін” мерекелеу іс - шарасы аясында халқымыздың салт - дәстүрлерін дәріптеу, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау мақсатында “Қош келдің, Өз Наурыз!” атты барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өтті. Оқушылар ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлердің озық үлгілерін көрсете білді. Мектебіміздің ұстаздары мен оқушылары алдағы шуақты күндерді көтеріңкі көңіл-күймен, зор ықыласпен қарсы алуда. Наурыз мерекесі құтты болсын!

<https://www.facebook.com/share/p/nRLbUFAWqfZDcpF4/?mibextid=WC7FNe>



🌸🌸🌸 23 НАУРЫЗ - ТАЗАРУ КҮНІ 🌸🌸🌸


"Наурызнама" онкүндігінің оныншы күні - Тазару күні.

Бұл күн Наурызнаманың қорытынды күні. Жаңа жылды тұтас ел болып, жаңа мақсат, жаңа үмітпен қарсы алудың символы ретінде етіп жарияланады.

Наурыз мерекесі – тазалық пен еңбек мерекесі. Наурыз келгенде аулаларды, арықтарды тазалап, тал–теректер отырғызу ежелден келе жатқан дәстүріміз.

<https://www.facebook.com/share/p/WEdvJvhyW6WtZpbA/?mibextid=WC7FNe>





“Наурыз мерекесін” мерекелеу іс - шарасы аясында халқымыздың салт - дәстүрлерін дәріптеу, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау мақсатында “Қош келдің, Өз Наурыз!” атты барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өтті. Оқушылар ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлердің озық үлгілерін көрсете білді.

Мектебіміздің ұстаздары мен оқушылары алдағы шуақты күндерді көтеріңкі көңіл күймен, зор ықыласпен карсы алуда.

Наурыз мерекесі құтты болсын!

<https://www.facebook.com/share/p/nRLbUFAWqfZDcpF4/?mibextid=WC7FNe>




🌸🌸🌸 23 НАУРЫЗ - ТА ЗАРУ КҮНІ 🌸🌸🌸

“Наурызнама” онкүндігінің оныншы күні - Тазару күні.

Бұл күн Наурызнаманың қорытынды күні. Жаңа жылды тұтас ел болып, жаңа мақсат, жаңа үмітпен карсы алудың символы ретінде етіп жарияланады.

Наурыз мерекесі – тазалық пен еңбек мерекесі. Наурыз келгенде аулаларды, арыктарды тазалап, тал–теректер отырғызу ежелден келе жатқан дәстүріміз.

<https://www.facebook.com/share/p/WEdvJvhyW6WtZpbA/?mibextid=WC7FNe>



7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күніне орай «Салауатты өмір - жарқын болашақ!» атты апталығы аясында сыныптарда сынып сағаттары өтті.

Мақсаты: оқушылардың назарын белсенді өмір сүруге аударып, денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауды насихаттау, түрлі зиянды тағамдармен сусындардан, зорлық-зомбылықтың алдын алуға және салауатты өмір сүруге шақыру.

#7сәуір

#Денсаулықкүні

#Оқу_agartu_ministrliги

#Біртұтас_тәрбие

<https://www.facebook.com/share/p/1KqJ7i6xT3Bqe7pL/?mibextid=oFDknk>



7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күніне орай мектебіміздің медбикесі Г.Алипкалиева 5 сынып оқушыларына "Дені сау ұрпақ - жарқын болашақ" атты денсаулық сағаты өткізілді.

Мақсаты: Жас ұрпаққа денсаулық туралы, салауатты өмір салты қағидалары туралы түсінік беру.



2024 жылдың 4 сәуір күні мектебімізде

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне орай «Спорт - денсаулық кепілі» атты 5-6 сыныптар арасында спорттық сайыс өткізілді.

Шара мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, балалардың спортқа деген ынтасын арттыру, денсаулықты нығайту.

Жарыс нәтижесінде командалар жүлделі орындармен марапатталды.

5 сыныптар бойынша :

5 "А" сыныбы 1 орын

5 "Г" сыныбы 2 орын

5 "Г" сыныбы 2 орын

5 "Б" сыныбы 3 орын

5 "В" сыныбы 3 орын

6 сыныптар бойынша:

6 "Ә" сыныбы 1 орын

6 "Г" сыныбы 2 орын

6 "В" сыныбы 3 орын

#7сәуір

#Денсаулықкүні

#Оқу_agartu_ministrligi

#Біртұтас_тәрбие

<https://www.facebook.com/share/5X2jFa7TWoxNV6qX/?mibextid=oFDknk>





7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күніне орай «Салауатты өмір - жарқын болашақ!» атты апталығы аясында сыныптарда сынып сағаттары өтті.
 Мақсаты: оқушылардың назарын белсенді өмір сүруге аударып, денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауды насихаттау, түрлі зиянды тағамдармен сусындардан, зорлық-зомбылықтың алдын алуға және салауатты өмір сүруге шақыру.

<https://www.facebook.com/share/p/BxefhFuHHCse5FP/?mibextid=WC7FNe>



2024 жылдың 4 сәуір күні мектебімізде 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне орай «Спорт - денсаулық кепілі» атты 5-6 сыныптар арасында спорттық сайыс өткізілді.

Шара мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, балалардың спортқа деген ынтасын арттыру, денсаулықты нығайту.

Жарыс нәтижесінде командалар жүлделі орындармен марапатталды.
 5 сыныптар бойынша :

5 "А" сыныбы I орын
 5 "Г" сыныбы II орын
 5 "Г" сыныбы II орын
 5 "Б" сыныбы III орын
 5 "В" сыныбы III орын
 6 сыныптар бойынша:
 6 "Ә" сыныбы I орын
 6 "Г" сыныбы II орын
 6 "В" сыныбы III орын

<https://www.facebook.com/share/p/brNGeogNNdpWL.Yhw/?mibextid=WC7FNe>



2024 жылдың 30 сәуірі күні мектебімізде 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесіне орай сыныптарда "Бейбітшілік - ел тірегі" атты сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Балаларға 1 мамыр - Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтастыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту.

<https://www.facebook.com/share/p/yX13iaioKUqGsojR/?mibextid=WC7FNe>



Мектеп кітапханасында 8-сынып оқушылары арасында «Ешкімде еш нәрсе де ұмытылмайды» атты ашық кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, патриоттық тәрбие беру.

Кітап көрмесіне қойылған кітаптарға библиографиялық шолу жасалып оқушыларды Ұлы Отан соғысы жылдарында ел қорғауда батырлықтың үлгісін көрсеткен, ұлт мүддесін, ер намысын ұлттық рух пен намысты биік көтерген батыр ағаларымыз, апаларымыздың ерліктері айтылып таныстырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/yjySYay32MsQYqgH/?mibextid=WC7FNe>



2024 жылдың 6 мамыр күні 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр - Ұлы Жеңіс күніне орай сыныптарда сынып сағаттары өтті.

Мақсаты: Оқушыларға адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/zEPysw7y5U9RGSnu/?mibextid=WC7FNe>



2024 жылдың 24 мамыр күні мектебімізде 1-10 сыныптар арасында «Білімім – Отаныма!» атты жалпыреспубликалық бірыңғай тәрбие сағаттары өтті.


2023-2024 оқу-жылының қорытындысында өткізілген тәрбие сағатының мақсаты балаларды ұстаздарды құрметтеуге, білім ұясына қамқор болуға, білім алуға күштар болуға, жыл бойы алған білімінің нәтижесін қорытындылай білуге тәрбиелеу.

Тәрбие сағаты ҚР Гимнімен басталды.

ҚР Оқу-ағарту министрінің жалпыреспубликаның білім алушыларына құттықтау сөзі тыңдалып, сынып оқушылары жыл бойындағы жетістіктері туралы айтылып, марапатталды.

Ал, 9,10 сыныптың түлектері «Мен. Мектеп. Ұстаз» тақырыбында мектеп қабырғасындағы балалық шақтан болашаққа қадамы туралы өз ойларынан эссе жазды.

<https://www.facebook.com/share/p/2CG7a1cH3pY65dhN/?mibextid=WC7FNe>



2024 жылдың 24 мамыр күні 5-8 сынып оқушыларының қатынасуымен биылғы 2023-2024 оқу жылының аяқталуына орай қорытынды жиын өткізілді.

Мектебімізде талантты, дарынды, үздік оқушыларды таныту мақсатында үздіктер шеруі өткізілді.

Лездемелік жиында мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы Г.Ж.Ереманова құттықтау сөзінде жыл бойы өздерін үздіктер қатарында көрсеткен өрендерге ризашылығын білдіріп, мақтау қағаздарын тапсырды. Сонымен қатар, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Мукашева қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан сыныптарды Алғыс хатпен марапаттады. Лездемелік жиын мерекелік ән-шашумен аяқталды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1794659927692102&id=100014443350259&mib_extid=WC7FNe



Талай дарынды да білімді ұрпақтарды білім көкжиегіне тәрбиелеген Жалпы білім беретін №27 И.Тайманов атындағы орта мектебінде 2023 - 2024 оқу жылының аяқталуына арналған "Мектебім, саған мың алғыс!" атты салтанатты жиын өтті.

🎉 Салтанатты шараның шымылдығы еліміздің Гимнімен ашылды. Алғашқы болып сөз алған мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы Г.Ж.Ереманова соңғы қоңырау мерекесімен құттықтап, 2023-2024 жылғы жетістіктерді айта келе, түлектерге сәт сапар тіледі. Мектеп бітіруші түлектердің сынып жетекшілері мен ата-аналары құттықтау сөздерін айтты. Мектеп бітіруші түлектердің ата-аналары мектеп басшылығы мен ұстаздарға ризашылығын білдіріп, түлектерге ақ тілегін арнады. Жиында түлектер ұстаздарына жүрек жарды өлеңдерін арнап, әсем әндерін жолдап, мектеп вальсін биледі.

✨ Оқу мен тәрбиені қатар алып, мектеп мақтаныштарына айналған түлектер соңғы қоңырауын соқты.


Қоштасады алтын ұя мектебін,

Мандайыңнан сипап өтер көкте күн.

«Сәт-сапар» деп қол бұлғаймыз бәріміз,

Тілейміз біз армандарға жеткенін, - дей келе мектеп бітіруші түлектерге ақ жол тілейміз! Бітіруші түлектерімізге алдағы үлкен сынақ ҰБТ-тен жоғары жетістікке жетіп, грант иегері атануларына тілектеспіз!!!

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1794581051033323&id=100014443350259&mibextid=WC7FNe



№27 И.Тайманов атындағы орта мектебін 2023-2024 оқу жылында 9 сыныпты 102 оқушы аяқтап отыр.

9 жыл оқып, білімнің түсті қорына,

Аттестат алғалы тұрсын мектеп деген ордада.

Аттестат деген - азаматтық куәсі,

Аттестат деген - өмірге берген жолдама.

12 маусым күні 9 сынып бітіруші шәкірттердің негізгі орта білім туралы Аттестат табыстау салтанатты кеші өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/MEmj63LXWaq8qaPz/?mibextid=WC7FNe>



Мектебің-алтын үя жарқыраған
Ұстазың-бұлақ көзі сарқыраған
Шыңдалып шыңға қарай қанат қактын
Шарықта, жас қыраным, ақ жол саған.

14 маусым күні №27 И.Тайманов атындағы орта мектебінің 11 сынып мектеп бітіруші түлектеріне арналған аттестат тапсыру салтанаты кеші өтті. Атырау қалалық білім бөлімінің әдіскері Бижанова Алия Сисеновна жас түлектерді құттықтап, мақтау грамотасын табыстады.

<https://www.facebook.com/share/p/9yV6SuPvzmc112vPc/?mibextid=WC7FNe>

